

Кеден қоймасы туралы Ереже

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің бұйрығымен 1995 жылғы 16 қазан N 147-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 6 қарашада N 125 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 ж. 3 қарашадағы N 528-Б бұйрығымен. ~ V990970

1. Жалпы ережелер

1.1. Кеден қоймасы - кеден ақысы салығы алынбайтын және тауарларға сақтау кезеңінде экономикалық саясат шаралары (рұқсат беру, квота) қолданылмайтын акциздік (жанама салықсыз), әкелінген тауарлар кеден бақылауында болатын кеден тәртібі.

Кеден қоймасы тәртібіне сәйкес тауарларды сақтауға арналған, соған арнайы бөлініп, жарақтандырылған кез келген жай немесе басқа да орын кеден қоймасы деп танылады.

1.2. Кеден қоймасын мекемелер, ұйымдар және басқа да заңды тұлғалар, адамдардың жекеменшік атауы бар, бірақ заңды тұлға мәртебесі жоқ бірлестіктер, жеке меншік кәсіпорны, бар, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес құрылған дара (отбасылық), жеке кәсіпорындар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген, заңды тұлға құрмайтын кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар (бұдан былай "қойма иесі") құра алады.

1.3. Кеден қоймасының кез келген адамның пайдалануына болатын ашық түрі, белгілі бір адамдардың ғана тауар сақтауына арналған жабық түрі болады.

1.4. Кеден қоймасының аумағы кеден бақылауының аймағы болып табылады.

2. Кеден қоймасын құруға рұқсат беру тәртібі

2.1. Кеден қоймасы тәртібіне сәйкес тауарларды сақтауға арналған, арнайы бөлінген және жарақтандырылған бір немесе бірнеше жайдан, немесе басқа да жерлерден (бұдан былай - жай), бұл жайларға иелігі бар адамға кеден қоймасын құруға Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті органының аймағында болуға тиіс. Егер кеден қоймасын Қазақстан Республикасының кеден органдары құрған болса, оған рұқсат алудың қажеті жоқ

2.2. Рұқсат алу үшін жайдың иесі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетіне (бұдан былай кеден комитеті) өтініш береді, онда кеден қоймасының түрі, оның заңды мекен жайы, рұқсат беру туралы мәселені шешу үшін елеулі мәні бар басқа да мәліметтер көрсетілуге тиіс, рұқсат алу үшін түсім төленіп, сондай-ақ АҚШ долларының 50 000 эквиваленті сомасында кеден төлемінен төлеу туралы банкінің кепілдемесін береді.

Өтініш берудің үлгісі N 1 Ережеде көрсетілген.

2.3. Өтінішке мына құжаттар тіркеледі:

- жай иесінің құру және тіркеу құжаттарының көшірмесі (жарғы, құру шарты, тіркеу туралы куәлік т.б.);
- қоймаға арналған жайдың жоспары мен жазбалары;
- жайды иелену құқы бар құжат;
- қоймаға кіре алатын құқы бар қызметкерлердің тізімі.

2.4. Кеден төлемін төлеу үшін кеден қоймасын үздіксіз жұмыс істеуінің өнбойына банкінің кепілдеме беруі керек. Құнсыздану ескерілген кепілдеме күшінің мерзімі шектеусіз болады. Құнсыздану ескерілмеген кепілдеме 3 айдан соң жаңартылып тұруға тиіс.

2.5. Өтінішті түскеннен соң Кеден комитеті 30 күннен кешіктірілмей қарайды. Көрсетілген мерзім ішінде қойманың жарақтандырылған және жабдықталғандығы осы ережеге сәйкес тексеріледі.

Кеденге берілген мәліметтерді анықтай түсу үшін Кеден комитетінің облыстардағы кеден басқармаларынан, мемлекеттік органдардан, банктерден, басқа да ұйымдардан қосымша құжаттар алдыртуға қақысы бар. Мұндайда өтінішті қарау мерзімі ондай құжаттар түскен күннен бастап саналады.

2.6. Рұқсат үш данада етіп толтырылады. Бірінші дана қойма иесіне беріледі, екінші дана кеден қоймасы орналасқан жердегі жұмыс істейтін кеден басқармасына жіберіледі. Үшінші дана кеден қоймаларын реестрден өткізетін Кеден комитетінде қалады. Рұқсат беру формасы N 2 Ережеде көрсетілген.

2.7. Егер кеден қоймасына арналған жай осы ережеге сай жарақтандырылмаған және Кеден комитетінің талаптарына сәйкес келмесе, кеден басқармасы белгілі бір дәлелді себептермен қоймада сақтау үшін көрсетілген тауарларға кеден бақылауын жүргізе алмайтын болса, рұқсат беруден бас тартуға негіз болса, онда рұқсат беруден бас тарылады.

2.8. Қазақстан Республикасы кеден заңында көрсетілген тәртіп бойынша рұқсат беру туралы бас тартуға шағым беруге де болады.

2.9. Лицензияның әрекет ету мерзімі 3 жыл құрайды. Кеден қоймасының мекемесіне лицензия беру үшін, қойманың жалпы алаңына байланысты:

- қойманың жалпы алаңы 1000 шаршы метрге дейін болса - 9000 мың ЭКЮ

көлемінде;

- қойманың жалпы алаңы 1000 шаршы метрден жоғары 2000 шаршы метрге дейін болса - 14000 мың ЭКЮ көлемінде;

- қойманың жалпы алаңы 2000 шаршы метрден жоғары болса - 19000 мың ЭКЮ көлемінде жіктеу жиналымы алынады. <*>

ЕСКЕРТУ. 2.9.-тармағы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кеден комитетінің 1997.06.02. N 148-П бұйрығымен. V970047_

3. Рұқсатты жою, күшін тоқтату және кері қайтарып алу

3.1. Қойма орналасқан жердегі жұмыс істейтін Кеден комитеті кеден қоймасын құрауға берілген рұқсатты жоя немесе қайтара алады, яки оның күші 3 айға дейін тоқтатылуы мүмкін.

3.2. Егер рұқсат өтініш берушіге көрсетілген негіздер бойынша берілуі мүмкін болмаса, яки ол толық немесе жеткіліксіз мәліметтер негізінде берілсе, оның рұқсат беру туралы шешім қабылдауға тиесілі елеулі мәні болса, рұқсат жойылды. Жою туралы шешім рұқсат берілген күннен бастап күшіне енеді.

3.3. Қойма иесінің өзінің құқықтарын жеке басына пайдаланғандығы жайында жеткілікті негіздер табылса, рұқсат күші тоқтатылады.

3.4. Егер қойма иесі Қазақстан Республикасының кеден заңдары талаптарына орындамаса, рұқсат кері қайтарылып алынады.

Кері қайтарып алу күші кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен жүзеге асады, ал рұқсат кеден тәртібін бұзғаны үшін жасалу шарасы ретінде кері қайтарып алынғанда іс бойынша қаулыны орындау күнінен күшіне енеді.

3.5. Рұқсатты жою немесе оның күшін тоқтату Кеден комитетінің төрағасының бұйрығы түрінде толтырылып, ондай шешім қабылдануының себептері міндетті түрде көрсетіледі.

3.6. Рұқсат жойылған немесе кері қайтарып алынған жағдайда, қойма иесі оны бұйрық шыққан соң он бес күннен қалдырмай Кеден комитетіне тапсыруға тиіс. Кеден тәртібін бұзғаны үшін жазылу шаралары ретінде кері қайтарылып алынған жағдайда, мерзім ол жөніндегі қаулы қолына берілген немесе жолданған - шағымды немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдырған күннен бастап есептелінеді.

3.7. Рұқсат жойылып немесе кері қайтарып алынғанда ол үшін берілген түсім қайтарылмайды.

3.8. Кеден қоймасын құруға рұқсат беру туралы қайта берілген өтінішті Кеден комитеті рұқсатты жою немесе кері қайтарып алуға сондай шешім қабылдауға себепші болған бұзушылықтар түзетілген жағдайда ғана бір жылдан

соң қарайды.

4. Кеден қоймасын жарақтау және жабдықтауға қойылатын талаптар

4.1. Кеден қоймасының жарақталуы кеден бақылауынан тыс тауарлардың түсу және оларды қоймадан шығару мүмкіндігін болдырмауға және қоймадағы тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

4.2. Қойма ауласы қоршалуға тиіс. Егер Кеден қойма үйінің бір бөлігі немесе құрылыс, кірме жолдарының жабдығы және оған іргелес түсіру алаңы болса, кеден бақылауындағы тауарларға бөгде адамның кіруіне болмайды.

4.3. Кеден органдары кеден қоймасын жарақтандыруға, соның ішінде қосарлап бекіту құрылысымен жабдықтауға нақты талаптар қоюға қақылы.

Жеткізе жабдықтауды, тәртіпті ұстауды, кеден қоймасын күзету тәртібін қамтамасыз етуді кеден қоймасының иесі өзі есебінен жүргізеді.

4.4. Қойма иесі қойманы жеткілікті жұмыс істейтіндей етіп материалдық-техникалық жағынан, соның ішінде.

- тиеу-түсіру және көлік құралдарымен;
- қойма жабдықтарымен;
- байланыс құралдарымен;
- ұйымдастыру техникасымен;
- мебельмен жарақтандыруды қамтамасыз етеді.

4.5. Кеден органы қызметкерлеріне кеден органының талаптарына сай келетін және кеден бақылауын, кеден құжаттарының толтырылуын жүзеге асыратын қажетті жабдықталған жай, байланыс құралдары ақысыз берілуге тиіс.

5. Кеден қоймасы иесінің міндеттері

5.1. Кеден қоймасының иесі:

- кеден қоймасында сақтауда тұрған тауарларды кеден бақылауынсыз қоймада шығару мүмкіндігіне жол бермеуге;

- кеден қоймасын құруға рұқсат шарттарын сақтауға және қоймада тұрған тауарларға бұл органдардың лауазымды адамдарының кіруін қамтамасыз етумен қоса, кеден органдарының талаптарын орындауға;

- есеп жүргізуге, соның ішінде (кейбір кеден органдарының талабы бойынша - автоматтандырылған) және осы ережеде көрсетілген тәртіппен сақтаудағы тауарлар туралы кеден органдарына есеп беруге;

- рұқсат жойылған немесе кері қайтарылып алынған жағдайда, кеден қоймасын жоюдың тәртібін орындауға және тауардың сақталуын қамтамасыз

етуге міндетті.

5.2. Қойма иесіне қолданылып жүрген заңға сәйкес өз міндетін орындау жауапкершілігі жүктеледі.

6. Кеден қоймасына тауарларды орналастыру

6.1. Кеден қоймасы кеден қоймасының тәртібі бойынша орналастырған тауарларды сақтауға ғана пайдаланылады.

6.2. Кеден қоймасына Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы өтетін, тыйым салынған тауарлардан басқа, кез-келген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің рұқсатымен сыртқа, ішке әкелінетін және өтетін тауар кедендік тәртіппен орналастырылады.

6.3. Басқа тауарларды бүлдіретін немесе сақтаудың ерекше шарттарын талап ететін тауарлар кеден қоймасының арнайы жабдықталған жайларына орналастырылуы тиіс.

6.4. Тауарлар кеден органының өкілетті лауазымды адамның көзінше кеден қоймасына орналастырылуы керек.

6.5. Кеден қоймасы тәртібі бойынша тауарлар орналастырылған жағдайда декларацияланған (тізілген) тауарлар N 3 Ережеде көрсетілген тәртіппен толтырылып, жүк кеден декларациясымен қоса кеден органына тапсырылуға тиіс

6.6. Жүк кеден декларациясымен бірге кеден органына мына құжаттар тапсырылады:

- әкелінген тауарлардың жүк және тауар алып жүретін құжаттары (накладной, коносамент, сипаттама құжат, шот-фактура, т.б.);

- кедендік толтыру мен кедендік бақылауды асыратын қажетті басқа да құжаттар.

Сертификаттауға жататын тауарлар кеден қоймасына орналастырылған

жағдайда, сақтау кезеңіне сертификат әкеп тапсыру қажет етілмейді.

6.7. Егер Қазақстан аумағына әкелінген мал және өсімдік және мал өнімдері кеден қоймасына орналастырылған жағдайда тиісті мемлекеттік органдар оған фитосанитария, малдәрігерлік бақылау жүргізеді.

7. Кеден қоймасында сақталған кезде тауарларға жүргізілетін операциялар

7.1. Тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатымен кеден қоймасында жатқан тауарларға мынадай операциялар жүргізіледі:

- тазалау;
- желдету;
- кептіру (соның ішінде жылы ауа жіберу);
- сақтаудың қолайлы температура тәртібін жасау (салқындату, тоназыту, қыздыру);
- қоршаған бумаға орналастыру;
- қорғағыш май мен консервантпен қаптау.
- тот баспас үшін сырлау;
- алдын ала қорғауыштар салу;
- тасымалдаудан бұрын тотқа қарсы нәрсемен қаптау.

7.2. 7.1. тармақта аталған операциялардан басқа, кеден қоймасын орналастырылған тауарларды сату мен тасымалдауға дайындау қажет, олар мыналар:

- лектерді ұсақтау;
- жөнелтуге дайындау;
- сұрыптау;
- буып-түю;
- қайта буып-түю;
- тиеу;
- түсіру;
- шамадан тыс тиеу;
- қайта қаттап немесе жұмыс жағдайына келтіретін жай операциялар;
- дұрыстап орналастыру үшін қойманың көлеміне қарай тауарларды орналастыру;
- тауарларды көрсеткіш сөрелерге орналастыру;
- байқап көру.

7.3. 7.2. тармақта көрсетілген операциялар тек кеден органының рұқсатымен жүргізіледі.

7.4. Тауарларға жүргізілген барлық операциялар бұл тауарлардың (сапасын) өзгертпеуге тиіс.

8. Кеден төлемін төлеу

8.1. Кеден қоймасының тәртібі бойынша тауарларды орналастырғанда кедендік толтыру үшін Қазақстан Республикасының валютасымен тауардың

кедендік құнының 2 % мөлшерінде немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі белгілеген бағамен шет ел валютасымен кеден түсімі алынады.

8.2. 8.3. тармақта көрсетілген басқа жағдайларда кеден ақысын, салығын және басқа да кедендік төлемдер төлеу жауапкершілігі кеден иесіне жүктеледі.

8.3. Кеден органының келісімімен кеден төлемін төлеу жауапкершілігі тауарын сақтауды кеденнің ашық түрдегі қоймасына орналастырған адамға да жүктелуі мүмкін.

8.4. Кеден тәртібіне сәйкес сыртқа шығаруға арналған тауарларды кеден қоймасына орналастырған жағдайда, ондай тауарлар кеден ақысы мен салығынан босатылады, егер тауарларды сыртқа нақты шығару кезінде бұлардан босатылған немесе қайтарып беру көрсетілген болса, онда аталған тауар кеден қоймасына орналастырылғаннан үш ай кешіктірілмей әкетілуге тиіс.

Көрсетілген мерзімде тауарларды нақты алып кете алмаған жағдайда, кеден ақы, салық, сондай-ақ одан Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі сол банк берген кредиттен белгіленген ставка бойынша олардан процент төлейді.

8.5. Егер тауар апат салдарынан немесе жойқын күштің әсерінен құрып немесе із-тозсыз жоғалмаса яки табиғи тоздырғыш күштен жетпей қалса немесе дұрыс сақталған жағдайда азайып қалса, кеден органының рұқсатынсыз тауарды берген немесе Қазақстан Республикасы аумағына әкелгенде ол жоғалған жағдайда, қойма иесі, осы Ереженің 8.3. тармағында көрсетілгеніндей, қоймаға тауар орналастырған адам оны еркін айналымға жіберген кезде төлеуге тиісті кеден салығын төлейді.

9. Кеден қоймасында сақталатын тауарлардың есебін алу және есебін беру

9.1. Кеден қоймасын мұндай тауарлар орналастырылған жағдайда, оларды қойма иесі қойма құжаттарына Кеден комитеті белгілеген (N 4 Қосымша) форма бойынша тіркеуге тиіс.

9.2. Кеден қоймасының иесі үш айда бір рет кеден органына сақтаудағы тауар мен оларды сақтау мерзімі туралы кезекті есеп беріп тұруға міндетті. Жергілікті негіз болған жағдайда, кеден органының кезектен тыс есеп тапсыруға қақысы бар. Ондай есеп бұл жөнінде кеден органының бастығы жазбаша талап еткен күннен қалдырмай 3 күн ішінде тапсырылуға тиіс.

9.3. Кеден органының қоймада сақтаулы жатқан тауарды түгендеуіне де қақысы бар.

10. Тауарларды сақтаудың мерзімі

Тауарлар кеден қоймасында үш жыл бойына сақталуы мүмкін. Аталған мерзімді кейбір адамдар үшін кеден органы шегере де алады. Тауарлардың нақты

сақталу ұзақтығын белгілеген шек бойынша сақтауға тауар қоюшы адам қойма иесімен бірлесіп анықтайды.

11. Қоймадан тауар шығару

11.1. Кеден қоймасында сақтаулы жатқан тауарлардың сақталу мерзімі өтісімен басқаша кеден тәртібі көрсетіледі. Ондай тауарларды кедендік толтыру көрсетілген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

11.2. Бір кеден қоймасынан екінші кеден қоймасына кеден тәртібін өзгертпей-ақ орналастыруға болады. Ондай жағдайда тауар кеден бақылауымен жеткізу тәртібін сақтау отырып орналастырылады.

Тауарды сақтаудың мерзімі оларды кеден қоймасына алғаш орналастырған күннен есептеледі.

11.3. Айналымға түсіру мақсатымен, яки басқа да кеден тәртібі бойынша орналастырылған тауарлардың кедендік құны мен саны қоймадан шыққан сәттен анықталады.

Ондайда тауардың кедендік құны тауарларды қоймаға орналастырғандағы көрсетілгендерден кем болмауға тиіс.

11.4. Басқа да кеден тәртібімен көрсетілген, сақтаудағы тауарлардың

мерзімі өтіп кеткен жағдайда, тауарлардың иесі кеден органы болып табылатын тауарларды қойма иесі соның есебінен орналастырылады.

12. Жабық түрдегі қойманы құрудың ерекшеліктері

12.1. Жабық түрдегі кеден қоймасын:

- олардың кәсіби қызметіне айналған тауар сақтауға маманданған адамдар (тұрмыстық қызмет т.б.);

- егер қойма иесі бір мезгілде тасымалдаушы болса, сондай-ақ тасымалдайтын тауарларын сақтау үшін;

- қойманы құрғанда оның иесі белгіленген үшінші адамның тауарын сақтау үшін құрады.

12.2. Қойма иесі рұқсат алу үшін берген өтінішінде жабық қойманы құрудың қажеттігін дәлелдеуге тиіс.

12.3. Кеден органы жабық түрдегі кеден қоймасын жарактандыруға жеке талаптар қолданбауға да қақылы.

13. Қойма иесі мен кеден органының өзара қарым-қатынасы

13.1. Кеден органы қойма иесінің пікірін ескеріп, қойманың құрылысын,

қоймада сақталатын тауар түрі, оның өткізгіштік қабілеті мен басқа да факторларға байланысты кеден қоймасының кеден тәртібін пайдаланудың реттерін бекітеді.

13.2. Бұл ретте:

- кеден қоймасын, соның ішінде кеден органы қызметкерлерінің жайын жарақтандыруға қатысты кеден талаптары;

- қойманың жұмыс тәртібі;

- тауарларды есепке алудың түрі;

- кеден қоймасында сақтаулы тауарлар туралы қойма иесінің есеп беру түрі мен мерзімдері;

- қойма жұмысын қатысты басқа да талаптар мен шарттар көрсетілуге тиіс.

13.3. Аталған реттер осы Ережеге және кеден заңына қайшы келмеуге тиіс.

14. Кеден қоймасын жою

14.1. Кеден қоймасы рұқсат күшінің мерзімі өтіп кеткен, қойма иесі тілек білдірген, сондай-ақ кеден қоймасын құруға берілген рұқсатты кеден комитеті жойған немесе кері қайтарып алған жағдайда жойылады.

14.2. Рұқсат күшінің мерзімі өтіп кеткені, яки қойма иесінің тілегі бойынша қойманы жою туралы шешіледі. Кеден комитетінің төрағасы бұйрық түрінде қабылдайды.

Рұқсатты жою немесе кері қайтарып алуға байланысты қойманы жойған жағдайда қойманы жою туралы қосымша бұйрық шығарылмайды.

14.3. Кеден қоймасын жою туралы шешім қабылданған күннен қойма

уақытша сақтау қоймасына айналады. Ондайда қоймаға тауарлардың жаңа легін орналастыруға жол берілмейді.

14.4. Қойма иесі 3 күн мерзім ішінде қоймада сақтауды жатқан тауарлар туралы N 5 Ережеде көрсетілген форма бойынша есеп беруге тиіс, сондай-ақ оны қоймаға тауарын сақтаған адамға хабарлауы керек. Кеден органы 7 күн

мерзім ішінде ондағы тауарларды түгендеп шығуға тиіс.

14.5. Рұқсатты жойған немесе кері қайтарып алған жағдайда:

- жойғанда - қоймаға тауар орналастырылған күннен;
- кері қайтарып алғанда - кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен қайтадан кедендік толтыру жүргізіледі.

14.6. Жойылған қоймада тауар сақтағаны үшін кеден қоймасының иесі кеден органдары бекіткен, қоймада уақытша сақтағаны үшін белгіленген мөлшерде:

- жойылғанда - сақтаудың барлық кезеңіне;
- кері қайтарып алғанда - кері қайтарып алу туралы шешім қабылданғаннан соң тауар сақтағаны үшін кеден түсімін төлейді.

14.7. 14.3.-14.6. тармақтағы ереже кеден тәртібін бұзғаны үшін жазалау шаралары ретінде, рұқсатты кері қайтарып алған жағдайда, іс жөніндегі қаулының орындалу күнінен қолданылады. Ондайда мұндай қаулы шығарылған күннен бастап тауардың жаңа легін қоймаға орналастыруға жол берілмейді.

14.8. Кеден қоймасын жою туралы шешім қабылданғаннан 2 ай ішінде уақытша сақтау қоймасынан тауар шығарған жағдайда, Қазақстан Республикасының кеден заңына сәйкес кеден тәртібін бұзғаны үшін жауапқа тартылады.

15. Қорытынды Ережелер

15.1. Кеден қоймасын құру рұқсатын басқа адамға беруге болмайды.

15.2. Өтініште, сондай-ақ оған қоса берілген құжаттарда кез келген өзгеріс болған жағдайда, қойма иесі 3 күн ішінде Кеден комитетіне хабарлауға тиіс.

15.3. Егер мәліметтегі өзгерістер кеден қоймасын құруға рұқсат беруге болмайтын сипатта болса, егер рұқсат беру жөніндегі өтінішінде яки оған қоса берген құжаттарда қойма иесі ондай мәліметтерді көрсеткен болса (қойма түрі, жайдың орналасқан жері, оларды жарақтау және жабдықтау т.б.) онда бұл жөніндегі жазбаша хабарлама қойма иесінің өтініші ретінде сол қойма иесінің кеден қоймасын жою жөніндегі тілегі ретінде қаралады. Кеден комитетінің шешіміне Қазақстан Республикасының Кеден заңында көрсетілген тәртіп бойынша шағым берілуі мүмкін.

15.4. Қойма иесі Кеден комитетінің келісімімен пайдаланатын жайдың алаңын ұлғайта яки азайта алады. Ол үшін қойма иесі Кеден комитетіне жай алаңның жаңа көлемін көрсетіп, оны жарақтау мен жабдықтауға сипаттама беріп,

өтініш жасайды, оның жаңа жоспары мен сызбасын тапсырады. Алаңын ұлғайтқан жағдайда, қажетінше рұқсат беру үшін қосымша түсім төлейді. Алаңын азайтқанда рұқсат беру үшін төленген түсімнің бөлігі қайтарылмайды.

15.5. Қойма иесі рұқсатқа өзгерту енгізуді қажет ететін мәліметтерді өзгерткен жағдайда, бұрынғылары көрсетіліп, рұқсаттың жаңа бланкісі толтырылып, рұқсат қайта тіркеледі, бөлігі өзгертілсе - жаңа мәліметтер беріледі. Бұрынғы рет номеріне алфавит бойынша белгіленген тәртіппен әріп белгісі қосылады.

Кеден қоймасы туралы Ережеге

№ 1 Қосымша
Қазақстан Республикасының
Орталық кеден органына

(кісінің толық аты-жөні)

Өтініш

Ашық (жабық) кеден қоймасын құруға рұқсат беруіңізді өтінемін.

Өзім туралы мыналарды хабарлаймын:

1. _____

(толық және қысқартылған заңды аты, ОКПО коды, заңды

және нақты мекен жай, тіркеу туралы куәліктің номері)

2. _____

(ашылған болса, ашылған рубль және валюта шоты, мекен-жайы

және банктердің ОКПО коды)

3. _____

(қоймаға арналған жайдың орналасқан жері)

4. _____

(қоймаға арналған жайдың жалпы алаңы)

5. _____

(қоймаға арналған жайдың материалдық-техникалық

жарақтануына сипаттама)

6. _____

(күзетпен қамтамасыз етілуі, қолда бар сигнал беру

құрылғысы мен өртке қарсы жабдықтар)

7. _____

(сақтауға ұсынылған тауарлардың тізімі)

8. _____

(рұқсат беру туралы шешім қабылдауға пайдаланылуы мүмкін

басқа да информациялар)

Ф.А.Ә. (кәсіпорын, мекеме немесе
ұйым атынан - оның басшысы) қолы мөр

Қосымша: _____

(Ереженің 2.3. тармағына сәйкес берілген

өтінішке тіркелген құжаттар тізімі)

Кеден қоймасы туралы
Ережеге N 2 Қосымша

Қазақстан Республикасының Орталық кеден органы

Рұқсат N 000/000

Кеден осы _____ қойманың ашық
(қажетсізін сызу керек) (жабық түріне рұқсат етеді).

(жайдың орналасқан жері және жалпы алаңы шаршы м.)

Осы рұқсаттың күші мерзімі " " _____ 199__ж.

М.О. " " _____ 199__ж.

Кеден қоймасын құруға берілген рұқсат номері былайша
құрылады:

алғашқы үш цифр - кеден қоймасын құруға рұқсат берген
кеден коды;
соңғы үш цифр - рұқсаттың рет номері.

Кеден қоймасы туралы
Ережеге
N 4 Қосымша

Кеден қоймасына кеден тәртібі бойынша
тауарлар орналастырылғанда кедендік жүк
декларациясын толтыру тәртібі

Кеден қоймасына кеден тәртібі бойынша тауарлар орналастырғанда
декларанттың кедендік жүк декларациясының мынадай графасын толтыруы
керек:

1, 2, 2, 5, 6, 8, 9, 12, 14, 15, 15а, 16, 19, 21, 22, 23, 25, 28, 29, 31, 33, 34, 35, 37,
38, 40, 44, 45, 47, 49, 54, А, В.

Кеден тәртібіне сәйкес сыртқа шығаруға арналған тауарларды кеден қоймасына орналастырғанда көрсетілген графалардың В, 15, 15а, 21, 25, 29 графалары толтырылмайды.

Кеден органының лауазымды адамы мына графаларды толтырады: 7, С және Д.

3, 5, 6, 7, 12, 14, 15, 15а, 16, 19, 21, 23, 25, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37,38, 40, 45, 47, 54, А, В, С, Д. графалар ҚРМҚБ 09.07.93 ж. N 25 (бұдан былай МКҚ толтырудың тәртібі жөніндегі нұсқау) бұйрығымен бекітілген, кеден жүк декларациясын толтырудың тәртібі туралы Уақытша нұсқаудың 2 немесе 3 бөліміне сәйкес толтырылады.

1, 2, 8, 9, 22, 28, 44, 49 графаларды мынадай ерекшеліктері бар.

1 графа "Декларация түрі".

Бірінші бөлімшеде кеден қоймасына тауарларды орналастыру графалары:

- Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлар, "ИМ" деп көрсетілген;

- Қазақстан Республикасының кеден аумағынан кеден тәртібіне сәйкес сыртқа шығарылатын тауарлар, "ЭК" деп көрсетілген.

Екінші бөлімшеде кеден тәртібінің екі белгілі коды көрсетілген "74".

Үшінші бөлімшедегі графалар толтырылмайды.

2 графа "Жөнелтуші/экспортер".

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкелуге арналған тауарларды кеден қоймасына орналастырған жағдайда графада аты, индексі, почта мекен жайы, сондай-ақ кеден қоймасына тауарын орналастырған тұлғаның телекс немесе телефакс номері көрсетіледі.

Жеке адамға байланысты графада Ф.А.Ә. және сол адамның мекен жайы, почта индексі, телефон номері көрсетіледі.

Қалған информациялар МКҚ толтыру жөніндегі Нұсқаудың 2 бөліміне сәйкес толтырылады.

Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарға байланысты графа МКҚ толтырудың тәртібі жөніндегі Нұсқаудың 3 бөліміне сәйкес толтырылады.

9 графада "Қаржыны реттеуге жауапты адам".

Графада МКҚ толтырудың тәртібі жөніндегі Нұсқауда көрсетілген

тәртіппен қойманың иесі немесе кеден қоймасына тауар орналастырған адам туралы мәліметтер көрсетіледі, егер кеден органы келіссе, бұл адам кеден төлемдерін төлеуге жауап береді.

22 графада "Валюта және тауардың жалпы фактуралық құны".

Осы жақтағы бөлімшеде шартты немесе жасалған келісімді реттейтін басқа да келісімдердің валюталық сан коды МКҚ толтырудың тәртібі жөніндегі Нұсқауға қоса берілген 6 Қосымшада көрсетілген валюта классификациясына сәйкес толтырылады.

Графаның бірінші бөлімшесі толтырылмайды.

28 графа "Қаржы және банк мәліметтері".

Графада (әр реквизит жаңа жолдан басталып, оның әрқайсысының алдына рет сан қойылады):

1 - теңгемен есеп ажырасу шотының номері, ОКПО коды, 9 графада көрсетілген ажырасу шотын ашқан тұлғаның банкісінің аты.

44 графада "Қосымша информациялар/ тапсырылатын құжаттар".

4 цифрының астына кеден қоймасына тауар өткізген адам мен қойма иесінің арасындағы шарттардың номері мен күні көрсетілді; қалған информациялар МКҚ толтыру тәртібі жөніндегі Нұсқауға сәйкес көрсетіледі.

49 графа "Қойманың аты".

Графада кеден қоймасын құруға берілген рұқсаттың номері

Кеден қоймалары туралы Ережеге N 5 Қосымша

Қоймада сақталатын тауарлардың есебін
алудың үлгі түрі

N		Орналас- тырылған		Тауар		Орын		Тауар		МКҚ		Қоймадан		Кеден
рет		күн		аты		саны		алып		N		шығарылған		белгілері
саны				және		жүретін		күн						
				салмақ		құжат		N						

Кеден қоймалары туралы Ережеге N 6 Қосымша

Кеден қоймасында сақтаулы тауарлар
туралы есеп

N		Орналас- тырылған		МКҚ		Тауар		жайдағы		Есеп		Қоймадан		Қоймадан
рет		күні		N		аты		саны		берген		шығарыл.		шығарылған.
саны								күнгі		ғандағы		дағы		МКҚ

Кеден қоймасының иесі
(кәсіпорын, мекеме немесе
ұйым үшін - аты, басшының
Ф.А.Ә.) Қолы Мөр

Есеп МКҚ толтыру үшін белгіленген талаптарға сәйкес жасалады.

Оқыған:

Багарова Ж.А.